

Бекітемін  
«Павлодар дарыны» БУҚДДО  
КМҚК басшы  
А.Л. Мухаметжанова  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2022г.

## «Қазақша үйренейік» радио мектебін өткізу туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ереже.

1.1. Радио мектебінде оқу оқушылардың бос уақытын қамту бойынша Павлодар қаласының білім беру бөлімінің "Павлодар дарыны" бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығының бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

### 2. Байқау мақсаты

2.1. Мемлекеттік тілді насихаттау, оқушылардың бойында патриоттық сезімді, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу,

2.2. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықты арттыру.

### 3. Ұйымдастырушылар:

3.1. Павлодар қаласы білім беру бөлімі «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» КМҚК «Ертіс медиа» ЖШС Halyg radiosy бірлесіп

### 4. Радиомектеп қатысушылары

4.1. Қаланың № 9, 16, 17, 18, 21, 23, 24, 26, 27, 28, 36, М.Алимбаева; М.Ауэзов ат., К.Макпалеев ат. жалпы білім беретін мектептерінің 8 сынып оқушылары (орыс тілінде оқитын сыныптардың жергілікті ұлт өкілдері) қатысады.

### 5. Оқыту форматы

5.1. Конкурс "Ертіс медиа" ЖШС Halyg radiosy тікелей эфирінде өтеді.

5.2. Радио мектебінде оқу екі ауысымда өтеді. I ауысым 2023 жылғы 20 қазан мен 20 қаңтар аралығында өтеді. II ауысым 2023 жылғы 27 қаңтар-27 сәуір аралығында өтеді. Эфирге шығу жиілігі: екі аптада 1 рет. Көрсетілген кезеңде әр ауысымда барлығы 7 сабақ өтеді (2 апта - оқушыларға әдеби шығарманы оқуға уақыт беріледі). Мектеп оқушылары екі апта бойы ана тілін жетілдіретін таңдалған тақырыппен жұмыс істейді, екі аптадан кейін 7 оқушы радионың тікелей эфиріне қатысады, ал қалған тікелей тыңдаушылар WhatsAppHalygradiosy-ға жауаптарын жібереді.

5.3. Екі ауысымды оқыту қорытындысы бойынша әрбір қатысушы оқу туралы сертификат алады. Ең белсенді оқушылар 2023 жылдың мамыр айында өтетін қорытынды эфирге қатысып, қалалық білім бөлімінің алғыс хаттарымен марапатталады.